№11 (467)
30 қараша
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА КӨШБАСШЫСЫ



Томирис Бакиева Ақтөбе өңірлік Zhubanov University Студенттік парламентінің төрайымы Педагогика факультеті «Психология» мамандығының 3-курс студенті

4-6

## Осы санда



ЖЫР СҰҢҚАРЫ — ҚАШАҒАН 6-7 бб



СТУДЕНТТЕР ХОРЫ КҮТЕТІН КҮН 8-9 бб

СТУДЕНЧЕСКАЯ ПОЛИКЛИНИКА ZHUBANOV UNIVERSITY ГОТОВИТСЯ К РЕВАКЦИНАЦИИ 16-стр



## ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВПЕН ТАНЫСТЫ

Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінің 1-ші курс студенттері қазақтың тұңғыш тілші-профессоры Құдайберген Жұбановтың өмірі, қызметі және еңбектерімен танысты. Олар үшін бір апта бойы түрлі тағылымдық шаралар ұйымдастырылды.

Университетке Құдайберген Жұбановтың есімі 1990 жылы берілді, ол кезде ЖОО Ақтөбе педагогикалық институты деп аталды. Бас оқу корпусы алдындағы ескерткіші де сол жылдары орнатылған.

Қазақтың тіл білімі саласын кең зерттеуді алғаш болып бастаған ғалым, түркітанушы, аудармашы, 16 шетел тілін білген полиглот Құдайберген Жұбановтың қалдырған асыл мұрасы ғылыми-әдістемелік, публицистикалық шығармалары күні бүгін де өзектілігін жойған емес. Оның асыл бейнесі, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері, еңбекқорлығы, адалдығы, елжандылығы университетке биыл түскен жастарды тәнті етті.

Университетте өмірінің соңына дейін Құдайберген Жұбановтың ортаншы ұлы Есет Жұбанов еңбек етті. Ол «Жұбановтану» зертханасын ашып, өңірде жұбановтанушылар мектебін қалыптастырды.

Әр жұбановшы Құдайберген Жұбановты толық тануы керек.

## ПОЗНАКОМИЛИСЬ С КУДАЙБЕРГЕНОМ ЖУБАНОВЫМ

Студенты первого курса Zhubanov University познакомились с жизнью, деятельностью и творчеством первого казахстанского языкведа-профессора Кудайбергена Жубанова. В течение недели для них были организованы различные обучающие мероприятия.

Имя Кудайбергена Жубанова присвоено ВУЗу в 1990 году. Тогда университет именовался Актюбинским педагогическим институтом. В те же годы был установлен памятник-бюст К.Жубанову перед главным корпусом.

Кудайберген Жубанов - ученый, тюрколог, переводчик и полиглот, знавший 16 иностранных языков, первым начавший широкое изучение казахского языкознания. Его научные, методические и публицистические труды актуальны и сегодня. Благородный образ ученого, высокие духовно-нравственные качества, трудолюбие, честность, великодушие произвели впечатление на молодых людей, поступивших в этом году в университет.

Есет Жубанов, средний сын Кудайбергена Жубанова, проработал в университете до конца своей жизни. Он открыл лабораторию «Жубановтану» и основал школу Жубановедов в регионе.

Каждый жубановец должен всецело знать Кудайбергена Жубанова.

## MET WITH KUDAIBERGEN ZHUBANOV

First-year students at Zhubanov University got acquainted with the life, activities and work of the first Kazakh language expert-professor Kudaibergen Zhubanov. Various training events were organized for them during the week.

The name of Kudaibergen Zhubanov was given to the university in 1990. Then the university was called the Aktobe Pedagogical Institute. In the same years, a bust-monument to K. Zhubanov was erected in front of the main building.

Kudaibergen Zhubanov was a scientist, turkologist, translator and polyglot, who knew 16 foreign languages, who was the first to start a wide study of Kazakh linguistics. His scientific, methodological and journalistic works are still relevant today. The noble image of a scientist, high spiritual and moral qualities, hard work, honesty, generosity made an impression on the young people who entered the university this year.

Eset Zhubanov, the middle son of Kudaibergen Zhubanov, worked at the university until the end of his life. He opened a laboratory “Zhubanovtanu” and founded a school of Zhubanovologists in the region.

Every student should know Kudaibergen Zhubanov completely.

## ҰСТАЗДАР ЕШҚАШАН ҚАРТАЙМАЙДЫ

Педагогтардың бүгінгі кәсіби мерекесімен еңбек ардагерлерін Zhubanov University әкімшілігі және Бастауыш кәсіподақ ұйымы құттықтады. Бұл жылдардан жылдарға жалғасып келе жатқан дәстүр. "Университетте 250-ден астам еңбек ардагері бар, алды 80 жастан кетті. Бәрі тың, ширақ. Олар 85 жылдық шежіресі бар оқу орнының қалыптасу, даму, өркендеу процестерінің тірі куәгерлері", — дейді Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Ольга Сұлтанғалиева.




Шынында да 30-40 жыл үздіксіз педагогика саласында жастармен жұмыс істеген ұстаздар күш-қуатты, ешқашан қартаймайды. Олардың бүгінгі ұрпаққа әлі де берері мол. Жақында Қазақ радиосына берген сұқбатында ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов те бұл туралы айтып өтті. "Тәрбие сағаттары ардагер ұстаздың қатысуымен өткенінің ғибраты көп. Тіпті өзінің жүріп өткен өмір жолын әңгімелеп берсе де", — деді министр.

Мысалы, Кутуева Наталия Александровна Мұхтар Арын ректор болған тұста Оқу ісі бөлімінің бастығы қызметін атқарған. Кеңес Одағының батыры Рауф Кутуевқа туысқандық қатысы бар. Сәйкесінше қанша естелік айта алады. Ақтөбеде батыр атындағы көшенің барын кейінгі жастар біле бермеуі мүмкін. Қалған еңбек ардагерлері де ұрпаққа білім мен тәрбие беруде орасан еңбек еткендер.

## ВСЕГДА МОЛОДЫЕ УЧИТЕЛЯ

Руководство Zhubanov University и первичная профсоюзная организация поздравили ветеранов с профессиональным праздником учителей. Это традиция, которая продолжается уже много лет. «В университете более 250 ветеранов труда, многим перевалило за 80 лет. Все в здравии. Они - живые свидетели становления, развития и процветания вуза с 85-летней историей», - рассказала председатель первичной профсоюзной организации Ольга Султангалиева. Посвятившие сфере образования 30-40 лет, работавшие с молодежью, эти педагоги все еще сильны духом и никогда не стареют.

Это также отметил министр образования и науки Казахстана Асхат Аймагамбетов в недавнем интервью Казахскому радио. «Очень поучительно, когда классные часы проводятся с участием ветеранов-учителей. Даже если они рассказывают о своей жизни», - сказал министр.

Например, Кутуева Наталья Александровна была заведующей отделом по учебной работе, когда ВУЗ возглавлял Мухтар Арын. Она родственница героя Советского Союза Рауфа Кутуева, делится историческими воспоминаниями. Молодежь может не знать, что в Актобе есть улица, носящая имя этого Героя. Остальные ветераны труда тоже проделали большую работу по воспитанию подрастающего поколения.

## TEACHERS NEVER GET OLD

The leadership of Zhubanov University and the primary trade union organization congratulated the veterans on the professional holiday of teachers. This is a tradition that has been going on for many years. “There are more than 250 labor veterans at the university, many of whom are over 80 years old. Everyone is in good health. They are living witnesses of the establishment, development and prosperity of a university with an 85-year history, ”said Olga Sultangalieva, chair of the primary trade union organization. Having devoted 30-40 years to education and working with young people, these teachers are still strong in spirit and never grow old.

This was also noted by the Minister of Education and Science of Kazakhstan Askhat Aimagambetov in a recent interview with Kazakh Radio. “It is very instructive when class hours are held with the participation of veteran teachers. Even if they talk about their lives, ”the minister said.

For example, Natalya Aleksandrovna Kutueva was the head of the department for educational work when the university was headed by Mukhtar Aryn. She is a relative of the hero of the Soviet Union Rauf Kutuev. She shares historical memories. Young people may not know that there is a street in Aktobe that bears the name of this Hero. The rest of the labor veterans also did a great job of educating the younger generation.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТУ ДЕ – ТӘРБИЕ

Жастарды қолдау керек, дегенмен олардан әлеуметтік жауапкершілікті талап ету де — тәрбие. Соңғы жылдары білім мен ілімге ұмтылған жастарға мемлекет тарапынан нақты қамқорлық көрсетіліп жатыр. Бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламаларына бөлінетін білім беру гранттары әр жыл сайын артуда. Сондай-ақ білім алушылардың стипендия көлемі айтарлықтай көбейді. Енді жастар жасалған жағдайды түйсініп, елінің болашағына қалтқысыз



қызмет қылуға борышты екенін сезінуі қажет. Өзін рухани жетілдіріп, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға қарекет еткені абзал. Білім беру саласының ендігі мәселесі жастарға арналған тәрбиелік бағыт-бағдарды заманға сай икемдей отыра, ұлттық құндылықтардың сақталуын қадағалау. Шет кетсе туған жерін сағынып тұратын, игерген өркениет нышандарын еліндегі қызметінде қолданатын, көкірегі ояу тұлға тәрбиелеу күткізбейтін міндет.

Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетіндегі жастармен тәрбие жұмыстары олардың кемел тұлға болып жетілуіне қарай тоғысады. Университет жастары жаңашылдыққа құмар, қоғамда белсенді, өзара бәсекелестігі жоғары.

Білім ордасының әлеуметтік және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ісінде жаңа басшы. Проректор болып тағайындалған Есбол Мұханбетқалиев университет түлегі. Оның тұлғалық және мансаптық өсу жолдары жастарға үлгі болардай. «Философия» мамандығы бойынша университетті тәмамдағаннан кейінгі 18 жыл ішінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерінде жүріп, философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған. Польша, Венгрия елдерінде педагогикалық және ғылыми тағылымдамалардан өткен. Соңғы төрт жылда Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Философия» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, тәжірибе жинақтаған. Мәртебелі «Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі» иегері, Web of Science, Scopus базасындағы журналдарда мақалалары жарық көрген. Республиканың білім беру ұйымдарында гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша тұрақты эксперті. Енді Есбол Мұханбетқалиев бар күш-жігерін туған білім ордасының әлеуметтік және тәрбие жұмыстарын жандандыру үшін бағыштауға дайын.

## ТРЕБОВАНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ — ТОЖЕ ВОСПИТАНИЕ

Молодежь нужно поддерживать, требуя от них социальной ответственности. Это огромный раздел воспитания. В последние годы государство уделяет особое внимание молодым людям, желающим получить образование и профессиональную подготовку. Число грантов на обучение в бакалавриате, магистратуре и докторантуре растет с каждым годом. Значительно увеличился размер стипендий для студентов. Теперь молодым людям необходимо почувствовать ответственность и служить будущему своей страны. Нужно постараться духовно развиваться и стать конкурентоспособным человеком.

Следующая задача в сфере образования — обеспечить сохранение национальных ценностей, адаптируя образовательную ориентацию молодежи. Актуально — воспитать человека, преданного Родине, использующего в своей работе все лучшие полученные навыки.

Воспитательная работа с молодежью в Актюбинском региональном университете имени К. Жубанова неразрывно связана с их личностным ростом. Студенты университета увлечены инновациями, активны в общественной деятельности и обладают высокой конкурентоспособностью.

В сфере развития социальной и воспитательной деятельности вуза — новый руководитель. Назначенный проректор Есбол Муханбеткалиев — выпускник Zhubanov University, чей личностный и карьерный рост — пример для молодежи. Его трудовой путь начался 18 лет назад родном вузе, сразу после окончания университета по специальности «Философия». Он работал преподавателем, старшим преподавателем, заведующим кафедрой и получил степень кандидата философских наук. Проходил педагогические и научные стажировки в Польше и Венгрии. Последние четыре года работал заведующим кафедрой «Философии» Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина в г. Нур-Султан. Он является обладателем почётного среди педагогов нагрудного знака «Ы.Алтынсарина», публиковал статьи в журналах на базе Web of Science, Scopus. Постоянный эксперт в области гуманитарных наук в учебных заведениях республики. Теперь Есбол Муханбеткалиев готов направить все свои силы и знания на активизацию социально-воспитательной работы Zhubanov University.

## THE REQUIREMENT OF SOCIAL RESPONSIBILITY IS ALSO UPBRINGING

Young people need to be supported by requiring them to be socially responsible. This is a huge section of education. In recent years, the state has been paying special attention to young people wishing to receive education and vocational training. The number of grants for undergraduate, graduate and doctoral studies is growing every year. The amount of scholarships for students has increased significantly. Now young people need to feel responsible and serve the future of their country. They need to try to develop spiritually and become a competitive person. The next task in the field of education is to ensure the preservation of national values by adapting the educational orientation of young people. It is important to educate a person devoted to the Motherland, using all the best acquired skills in their work.

Educational work with young people at the Aktobe Regional University named after K. Zhubanov is inextricably linked with their personal growth. University students are passionate about innovation, active in social activities and highly competitive.

In the field of development of social and educational activities of the university - a new leader. The appointed vice-rector Yesbol Mukhanbetkaliev is a graduate of Zhubanov University, whose personal and career growth is an example for young people. His career began 18 years ago at his native university, immediately after graduating from the university with a degree in Philosophy. He worked as a lecturer, senior lecturer, head of the department and received a Ph.D. in philosophy. Passed teaching and scientific training in Poland and Hungary. For the last four years he worked as the head of the department of "Philosophy" of the Kazakh Agro-Technical University named after S. Seifullin in Nur-Sultan. He is the owner of the honorary among teachers badge "Y. Altynsarin", has published articles in journals based on Web of Science, Scopus. Permanent expert in the field of humanities in educational institutions of the republic. Now Esbol Mukhanbetkaliev is ready to direct all his strength and knowledge to intensify the social and educational work of Zhubanov University.

## Person of tne month

**Студенттік парламент — университеттегі барлық қоғамдық бірлестіктердің басын біріктіретін, жастарға әлеуметтік жақтан қолдау көрсететін, жастар арасында дұрыс моральды-психологиялық орта қалыптастыру үшін шаралар өткізетін, жатақханада тұратын білім алушыларға қатысты ұйымдастыру-басқару жұмыстарын жүргізетін қажет ұйым деп есептеледі. Жақында Zhubanov University Студенттік парламенті қайта сайлау өткізді. Сайлауға барлық 8 факультеттен екі-үш үміткерден қатысты. Екі аптаға созылған сайлау кезеңдерінің нәтижелері әлеуметтік желілерде жарияланып отырды. Сайлауда Педагогика факультеті «Психология» мамандығының 3 курс студенті Томирис Бакиева дауыс жинауда басымдықпен Студенттік парламенттің төрайымы болып жарияланды. Студенттердің жаңа көшбасшысын жеңісімен құттықтай отыра, көкейдегі сұрақтарымызға жауап алдық. Сұқбатты жүргізген Гүлнара Караша.**



# СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА КӨШБАСШЫСЫ

**— Томирис, Студенттік парламент төрайымы болып сайлануыңызбен құттықтаймын! Табыс тілеймін! Одан бері уақыт өтті. Жоспарыңыздағы қай іс қолға алынып жатыр?**

— Көп-көп рақмет! Студенттік Парламенттің кеңейтілген отырысында бағдарламаммен таныстырғанмын. Онда сенат және мәжілістің қызметтерін күшейту, академиялық комитет құру, салауатты кампус, студенттердің әл-ауқатын көтеру, «Жасыл офис» ашу, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру және тағы да басқа мәселелер жайында айтқан едім. Дәл қазір «Салауатты кампус және ARSU store адалдық дүкенін» жандандыру, іске қосу жұмыстары жүріп жатыр. Даму жоспарымызда көрсетілген істердің бәрі уақытылы жүзеге асуына күш-жігерімізді саламыз. Университет ректоры, бас ұстазымыз Лаура Карабасова идеяларымызды қолдауға уәде берді, бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Өте қуаныштымыз.

**— Студенттік көшбасшылыққа не себептен ұмтылдыңыз? Нақты не тындырғыңыз келеді?**

— Көшбасшылыққа негізінен мектеп жасынан құмармын. Көбісі біледі, мен Педагогика Факультетінің Студенттік сенат қызметін атқардым. Бірақ сенаторлықпен тоқтап қалмай әрі қарай даму керегін, өзімді жетілдіру қажеттігін түсіндім. Өзім студентпін, студенттермен әрқашан байланыста болған соң қазіргі туындап тұрған академиялық және әлеуметтік мәселелердің бәрінен хабардармын, толық түсінемін. Сол проблемаларды шешкім келгендіктен сайлауға өз үміткерлігімді ұсындым.

**— Студенттік парламент ұйымы жайында айтып берсеңіз?**

— Студенттік парламент — студенттердің өзін-өзі басқару органы болып есептеледі. Ұйымның мақсаты ғылыми-зерттеу жұмыстары, мәдени-бұқаралық жұмыстар және салауатты өмір салтын насихаттау, спорт саласы бағыттары бойынша терең жұмыс жасау арқылы және студенттерді аталған шараларға дұрыс үйлестіру арқасында студенттердің өзін-өзі жетілдіруі мен өзін-өзі тәрбиелеуіне септігін тигізу. Студенттік парламенттің бекітілген Ережесіндегі мақсат-мүдделер аясында студенттерге зор мүмкіндіктерге жетелейтін бағыт беріп, ортақ мәдениет қалыптастыруда қарекет бірлігін міндет тұтамыз.

**— Студент-жастарды бүгінде қызықтыратын, толғандыратын қандай мәселе? Студенттік парламент мәжілістерінде көп талқыланатын сұрақтар бар ма?**

— Заманға сай студенттердің де талаптары және қызығушылықтары өзгеруде. Үздіксіз дамуда болған соң өзімізді әртүрлі салада көргіміз келеді. Студенттердің қазіргі ұмтылысы шетелдік университет дәрежесіндей болу. Яғни коворкинг орталықтар, экожүйені дамыту, студенттік ортада жаңа мәдениетті қалыптастыру және көптеген бизнес бастамалар бойынша қызығушылық артуда. Біз университетімізді жастар арасында брендке айналдыруды көздеп отырмыз.

Әр апта соңында Жастар ісі жөніндегі комитет өкілдерімен бірігіп Студенттік Парламенттің жиналысын өткіземіз. Жиналыста көбіне өткен іс-шараларға есеп беріп, алдағы аптада болатын шараларды жоспарлаймыз, сонымен қатар тәрбиелік бағытқа көңіл бөлудеміз. Басым көпшілігі қазіргі заман студенттерінің қызығушылығына қарай шараларды ұйымдастырып, оны іске асыру жолдарын талқылаймыз.

**— Педагогикалық мамандықта оқып жатыр екенсіз. Болашақта өзіңізді қандай педагог ретінде көресіз? Әлде басқа сала да тарта ма?**

— Факультетім Педагогика болғанымен мамандығым әлеуметтік бағытқа байланысты. Яғни болашақ психологпын. Бұл бағытты өзім таңдағандықтан алдағы уақытта психолог болып жұмыс жасаймын. Бірақ жан-жақты тұлға ретінде шығармашылық бағытта да өзімді байқап көремін деген ойдамын.

**— Ендеше сәттілік!**



☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## БАТЫС ӨҢІРІНІҢ ІРІ АВТОМАГИСТРАЛІ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Ақтөбе және Атырау облыстарына жұмыс сапары аясында «Ақтөбе-Атырау-Астрахань» автожолын реконструкциялау барысын тексерді, — делінген Ақтөбе облысы әкімдігінің баспасөз қызметінің хабарламасында. Автожолдың жалпы ұзындығы 897 шақырымды құрайды, оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша – 311 км, Атырау облысы бойынша – 586 км.

2015 жылы автомагистралдің «Атырау-Мақат» учаскесінің 164 шақырымы қайта салынды.

Қазіргі «Ақтөбе-Қандыағаш», «Қандыағаш-Мақат», «Атырау-РФ шекарасы» учаскелеріндегі автожолдың 733 шақырымында реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Ақтөбе-Қандыағаш» учаскесі (96 км) 4 жолақты қозғалысы бар I-санатты 78 км жолды және 2 жолақты қозғалысы бар II-санатты Қандыағаш қаласын айналып өтетін 18 шақырым жолды қамтиды. Жыл соңына дейін мұнда 18 шақырымды жаңа жол төсемімен қамтамасыз ету жоспарланған.

«Қандыағаш-Мақат» учаскесінде (360 км) асфальтбетон төсеу және жолды абаттандыру бойынша соңғы жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2021 жылы жаңа жабынмен учаскенің барлық ұзындығы бойынша қозғалысты толық қамтамасыз ету көзделген. Бұл ретте Ақтөбе қаласынан Атырау қаласына дейінгі жол екі есе қысқарады. Бұрын Ақтөбе-Атырау учаскесінің қанағаттандырарлықсыз жай-күйіне байланысты жүргізушілерге көршілес өңір — Орал арқылы барып, 500 шақырымға жуық қосымша жол жүруге тура келетін.

Жалпы ұзындығы 277 шақырымға созылатын «Атырау-РФ шекарасы» учаскесі (Астрахань қаласы бағытында) 1970 жылдары осіне 8 тонна жүктемемен салынған III-санаттағы республикалық маңызы бар жол болып табылады. Ауыр жүк тасымалдайтын транзиттік көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығының артуына байланысты жолдың жағдайы нашарлап кеткен.

Қайта жөндеу нәтижесінде жыл соңына дейін 92 шақырым жолда қозғалыс қамтамасыз етіледі, қалған 185 шақырым жолда жер төсемі төселіп, жол төсемінің, көпірлер мен құбырлардың құрылымдық қабаттары салынып жатыр. Жұмыстарды 2022 жылы аяқтау жоспарланған.

## САМАЯ БОЛЬШАЯ ТРАССА В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ

Премьер-министр Казахстана Аскар Мамин ознакомился с реконструкцией автодороги Актобе-Атырау-Астрахань в ходе рабочей поездки в Актюбинскую и Атыраускую области, сообщает пресс-служба акимата Актюбинской области. Общая протяженность дороги составляет 897 км, в том числе 311 км в Актюбинской области и 586 км в Атырауской области. В 2015 году реконструировано 164 км участка автомобильной дороги Атырау-Макат. Продолжается реконструкция 733 км существующих участков «Актобе - Кандыагаш», «Кандыагаш-Макат», «Атырау-граница России».

Участок «Актобе-Кандыагаш» (96 км) включает 78 км дороги I категории с четырехполосным движением и 18 км объездной дороги Кандыагаш II категории с двухполосным движением. До конца года планируется построить 18 км новых дорог. На участке «Кандыагаш - Макат» (360 км) ведутся завершающие работы по укладке асфальтобетона и благоустройству дороги. В 2021 году новое покрытие обеспечит полную проходимость по всей длине площадки. При этом дорога из Актобе в Атырау сократится вдвое.

Ранее из-за неудовлетворительного состояния участка Актобе-Атырау водителям приходилось преодолевать около 500 км через соседний регион - Уральск. Участок «Атырау - граница России» общей протяженностью 277 км (в направлении Астрахани) - это дорога государственного значения III категории, построенная в 1970-х годах с нагрузкой на ось 8 тонн. Состояние дороги ухудшилось из-за увеличения скорости движения большегрузных транспортных средств.

В результате реконструкции до конца года будет обеспечено движение транспорта на 92 км дорог, оставшиеся 185 км будут асфальтированы и возведены конструктивные слои дорог, мостов и трубопроводов. Работы планируется завершить в 2022 году.

## THE LARGEST TRACK IN THE WESTERN REGION

Prime Minister of Kazakhstan Askar Mamin got acquainted with the reconstruction of the Aktobe-Atyrau-Astrakhan highway during a working trip to Aktobe and Atyrau regions, the press service of the Akimat of Aktobe region reports. The total length of the road is 897 km, including 311 km in the Aktobe region and 586 km in the Atyrau region. In 2015, 164 km of the Atyrau-Makat highway section was reconstructed. Reconstruction of 733 km of the existing sections "Aktobe -Kandyagash", "Kandyagash-Makat", "Atyrau-Russian border" is underway.

The Aktobe - Kandyagash section (96 km) includes 78 km of the 1st category road with four-lane traffic and 18 km of the Kandyagash II category bypass road with two-lane traffic. By the end of the year, it is planned to build 18 km of new roads. At the section "Kandyagash - Makat" (360 km), the final works on the laying of asphalt concrete and the improvement of the road are underway. In 2021, the new surface will provide full traffic along the entire length of the site. At the same time, the road from Aktobe to Atyrau will be halved.

Earlier, due to the unsatisfactory state of the Aktobe-Atyrau section, drivers had to overcome about 500 km through the neighboring region - Uralsk. The section "Atyrau - Russian border" with a total length of 277 km (in the direction of Astrakhan) is a road of state importance of the III category, built in the 1970s with an axle load of 8 tons. The road condition has deteriorated due to an increase in the speed of heavy vehicles. As a result of the reconstruction, by the end of the year, traffic will be ensured on 92 km of roads, the remaining 185 km will be asphalted and structural layers of roads, bridges and pipelines will be erected. The work is scheduled for completion in 2022.

# Parenting with history



**Тұрсынғали Көшенұлы**
**Қашаған ақынның ұрпағы**

Заманында: «Қара бүркіт қаршыға қартайып жасы жеткенше, бұйрықты күні біткенше алатын аңын қоймаған; ашуы келсе аң алып, төс етін жемей төрт тартып, жемсауын қимай бір қарпып, жеген жемге тоймаған; Адай түгілі Байұлы, Байұлы түгілі Алшынды жеңемін деп жарысып, мерекелі жерлерде ешкім жоқ білбен ойнаған», — деп шалқыған жыр сұңқары Қашаған. Дүние ауарында: «Жас сексенге келгенше, сақалға шалғырт енгенше, талайдың көрдім құрмасын... таусылғанға ұқсайды елдегі қатар құрдасым, қырмызы қызыл дүние басымда білдім тұрмасын; кешегі жалын күнімде Адай түгілі Алшынға, Алшын түгілі Алашқа сыйланып еді бұл басым», — деп күңіренген жыр дүлдүлі Қашаған, — деп Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев тамсана жазған суырып салма ақын Қашаған Күржіманұлы менің бабам.

Менің әкем Көшен, оның әкесі Өсербай, Өсербайдың әкесі Дүйсенбай. Дүйсенбайдың балалары Сәрсенбай, Күржіман, Жұма, Бисен. Күржіманнан Қашаған, одан Сарымолда, Сарымолдадан Ақмаржан. Ақмаржан қарындасым Ақтөбе қаласында тұрады, қыз кезіндегі фамилиясы Қашағанова. Ақмаржанның қызы Гүлмира Оңғарбаева ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде доцент болып еңбек етеді.

Бұрынғы өткен зобалаң кездерде бас сауғалап, бытырап көшіп, көптеген жандар ағайын-тумаларынан айырылып, адасып қалды. Ес жиғаннан бір-бірімізді іздестіріп, табысып жатырмыз. Әйгілі атамыз Қашаған ақын әулетіміздің ортақ мақтанышы.

Қашаған Күржіманұлы 1841 жылы Түркменстанның Ташауыз қаласының маңындағы қазақ ауылында дүниеге келген. Бес жасқа толғанда әкесі Күржіман қайтыс болып, асыраушысынан айырылған отбасы Күржіманның ағасы Сәрсенбайдың үйімен ілесіп, Каспий теңізінің жағалауындағы Қара-өзекке көшеді. Жетімдік пен жоқшылықты көрген Қашаған 13 жасынан байларға малай болып жалданып, белі қатаймай жатып, еңбекке араласады. Бойына біткен дарыны оны тауқіметті өмірдің ортасынан суырып алып, 16 жасында халықтың қошеметіне бөлейді. Қашаған ақын атанып, ел аралайды. Маңғыстау, Хорезм, Еділ, Жайық, Жем, Сағыз, Астрахань бойын жайлаған елдерде жүріп Құрманғазы, Қалнияз, Нұрым, Ақтан, Мұрат, Балораз, Қоспақ, Қашқынбай, Ізім, Өмір, Ығылман, Аралбай сынды саңлақтармен кездесіп, сыйластықта болады.

Қашаған ақын жырларымен бұқараның арын арлап, жоғын-жоқтап, көрген қиындықтарын көрсетіп, келешек буынды шындыққа, әділдікке, адамгершілікке, кішіпейілдікке, бұқарашылдыққа тәрбиелейді. Алқалы айтыстарға түседі, елдің өткен тарихи шежірелеріне терең үңіліп, талдап, оларға ашық түрде әлеуметтік сипат беріп жырлайды. Қашаған ақын қартайған шағында да ел аралауын тоқтатпаған. Тек ат үсті, ерсоқты жүрісті ауырсынып, түйеге мініп аралаған.

Ол 85 жасында көз жанарынан айырылады. Өмірінің соңғы мезгілдерінде немере ағасы Сәрсенбаев Өсербаймен бірге тұрады. Атамыз 88 жасында, 1929 жылдың тамыз айының 25-де Маңғыстау топырағында, Құлат деген жерде дүниеден озады. Бейіті сол маңдағы Қырыққез қауымында.

Жырларында елі мен халқының мұңын жоқтаған Қашаған ақынның шығармашылығы 70 жыл бойы, кеңестік заман саясатымен ауызға алынбады. Дәріптелмеді, еңбектеріне ғылыми талдау жүргізілмеді, құндылығын таратуға рұқсат етілмеді. Оқулықтарға енгізбеді. Жеке кітап қылып басқызбады.

Қазақ елі егемендігін алғаннан кейін, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы Жарлығы шыққаннан республиканың барлық аймағында ұлттық руханиятымызды ардақтаған елеулі оқиғалар болып жатыр.

Қазақстан бойынша бірінші болып, 1991 жылы Қашаған ақынның туғанына 150 жыл толуы республика деңгейінде аталып өтті. Осы тұста оның мәңгілік мекенінде күмбезді там тұрғызылып, ескерткіш тақта орнатылды. Ақтау қаласында ақын ескерткіші бой көтерді. 12 жыр дастаны пластинкаға түсіріліп, кітаптары басылып шығарылды. Шетпе, Бейнеу, Жаңаөзен, Сенек елді мекендеріндегі мектептерге, серіктестікке Қашаған атауы берілді. Ақтау қаласындағы музейде «Қашаған бұрышы» ашылды. Жылма-жыл Қашағанның туған жылдары аталынып, мектептерде, мекемелерде Қашаған күндері өткізіліп, жыр айтыстары болып тұрады.

2000-шы жылы ашылған әлемдегі ірі мұнай және газ кен орны Қашаған Күржіманұлы атымен аталды.

Қашаған ақынның «Атамекен», «Адай тегі», «Топан» дастандары ұлттық тарихымыздың ұмытылған астарларын ақтарады. Платонның Атлантида жайындағы атақты «Тимейімен» үндесетін аса терең мағыналы «Топан» атты философиялық дастаны теңіздің тасуы туралы емес, иманасы асқан адамзаттың пәтуасының қашуы жайындағы дастан еді.




Қашаған шығармаларын оқып отырғанда, бір адамның немесе бір елдің емес, бүткіл халықтың тарихының, қасиеттерінің, әдет-ғұрыптарының бәрінен хабардар боласыз. Ол бар әлемнің жаратылысын, табиғаттағы барлық жан-жануарлардың атауларын білген.

18 ғалам жаратылған деп, оны алты-алтыдан үшке бөліп, атауларын береді. Оның шығармаларының құндылығы осында. Қашаған ақынның шығармаларындағы сөздері, ырғағы өте ерекше. Халықпен тағдырлас, тарихпен тамырлас ақындық талант Қашағанды жұрттан оқшау, айырықша етті. Ақын «Адай тегі» дастанында ескі дүниядан келе жатырған космогониялық, мифологиялық сюжетті ойната отырып, тек алалаушылық, тек кемсітушілік идеологиясының негізсіздігін естен кетпестей қылып әжуалайды. «Атамекен» дастаны XVIII, XIX ғасырларда ұлт басынан өткен сұрапылдарын баяндайды. Бұл шығармасының арғы мәнісі қызғылықты археографиялық ізденісті керек еткендей болып тұрады. Ел арасында кеңінен тараған Қашаған ақынның «Ескәли сұпыға айтқаны» атты толғауы. Бұл шығармасында жан-жануар, бес түлік, табиғи құбылыстар жайында тамаша туындылар туғызған поэзиямыз Қашағанға дейін алғашқы, малдың ішегін және ағашты аузының суы құрығанша мақтап көрген жоқ еді. Бұл жырда ағаш та, малдың ішегі де асқақ поэтиканың обьектілеріне айналады.

Қашаған ақынның ел арасында кең тараған дастанының бірі «Жем тасығанда». Бұл дастанда есіктен кіріп, төр менікі дейтін баса көктеу, өзінікін өзіне бұйыртпау, азған адам, тозған табиғат, сол тозғанның үстінен атақ алып, дәулет тауып, мал жиған арсыздың, ұлттың іріпшіру трагедиясын баяғы өткен қиын заман әдебиетінен де өткір, уытты, ызалы толғайды.

Бүгінгі айтып жүрген көсем сөзімізді Қашаған ақын бұдан ғасыр бұрын айтып өткен. Қырық күн аштыққа шыдамай, азып-тозып, қырық күн тоқтыққа шыдамай, асып-тасып кететінімізге күйінеді. Қашаған «Топан» атты философиялық дастанында мастық пен желікті дүниедегі барлық кеселдің басы қылып суреттейді.



# ЖЫР СҰҢҚАРЫ — ҚАШАҒАН

Қашаған ақынның мол жыр мұрасы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының қолжазбалар қорында сақталған. Қашаған ақын жөнінде газет-журналдарда 1989 жылдан бастап 75 -80 шақты мақалалар жазылып шықты.

Қашаған ақын һақында Түркменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан елдерінен шығатын газеттерде де жазылды. Мақалаларда Қашағанның ақындық деңгейі, шығармалары мен өмірбаяны жөнінде жазылып, өлеңдері мен поэмаларына талдау жасалынған. Мақала берушілердің көбі ел зиялылары, оқымыстылар, журналистер, ақындар, тарихшылар, ел ішіндегі қарапайым азаматтардың естеліктері де бар. Солардың ішінде оқымысты, жазушы мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев, Өмірзақ Озғанбаев, Қабиболла Сыдиықов, Сержан Шәкірат, Бектұр Төлеуғалиев, Бірғали Байекеев, Шәрелхан Әленов т.б. атауға болады. Жазылған мақалалардан бөлек Қашағанға арнап ақын-жазушылар, арасында Фариза Оңғарсынова тәрізді белгілі ақындар, қырық шақты өлең шығарған. Онда Қашаған шығармаларының мәні, елге, келешек ұрпаққа тиер пайдасы мен өнегесі әсерлі бейнеленген.

Қашаған ақынның тойын тойлау жөніндегі шешім шығарғаны жөнінде Әбіш Кекілбаев: «Менің есіме 1989 жылдың күзі түседі. Гурьев обкомынан және Маңғыстау елінен құрылған ынталы топтан бірнеше адам қол қойған ұсыныстар түсті. Насихат бөлімінің бастығы Мырзатай Жолдасбеков екеуміз мәселені бюро мәжілісіне әзірледік. Қазақстанға басшы болып тағайындалған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қашаған ақынның мерей тойын мерекелеу туралы шешімге қол қойды. Сол күннен бастап, жүз елу жыл бойына қалтарыс болған Қашаған ұлттық руханиятымыздың құндылығына айналды», — деп жазып кеткен.

Ел зиялыларының баяндамалары, мақалалары, арнау шығармаларынан басқа Қашағанға арнап музыкалық шығармалар да шықты. «Қашаған көке тірісің» деген атпен Жоламан Бошалақовтың сөзіне жазылған Төлес Нұрмағанбетовтің әні, Анар Мұздахалованың «Қашаған ақын толғауы» күйі. Бұл шығармаларды Маңғыстау облыстық оркестрі орындап жүр.

Қашаған ақынның 150 жылдығы Түркменстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан елдерінде де аталып өтті.

Қашағанның ақындық даралығының құдіреттілігін небір дарындар сөз еткен.

Филология ғылымдарының докторы Қабиболла Сыдиықов Қашағанды былайша бағалайды: «Қашаған екі дәуірді бірдей көрген ақын. Ол бұқараны сүліктей сорып, қанап отырған бай мен молданы, би мен болысты жек көрді, әшкереледі. Қанау, зорлық-зомбылық, пандық, мастық жайлаған феодалдық дәуірдің қоғамдық системасын тұсалдап та, ашық та сынап шенеді. Халық келешегіне сенді. Халық басынан өткенді толғады. Өнерді қорғады. Елдікті, ерлікті жыр етті. Әйел-ананың қоғамдағы ролін түсіне білді... Ол заман азғындығын, тап қайшылығын көре білді. Өзі өнген кемтар бұқараны жырлап өтті. Сол таптың үстем тап өкілдерін әшкерелейтін жалынды тілі болды. Ол — сыншыл, тура, өткір, сықақ мәнді шығармаларымен көпшілік қадіріне бөленген бұқара жыршысы, айтулы импровизатор ақын». Ал жыр алыбы Жамбыл Жабаев:

*«Сүйінбай мен Қашаған*
*Қара өлеңді матаған.*
*Атын жаттап балалар*
*Әлі күнге атаған»* —

деп өзінің пірі тұтынған Сүйінбаймен қатар қояды. Есмағанбет Ысмайлов «Ақындар» жинағында Қашағанның ұстаздығы жөнінде: Мұрынға да, Құмарға да, Нұрпейіске де ұстаз болған Қашаған ақын. Ығылман ақын да көптеген жырды Қашағаннан үйреніпті. «Қырымның қырық батыры», «Қобыланды» сияқты күрделі жырлар Қашаған арқылы тарағандығы даусыз. Нұрпейістің жатқа айтатын батырлық жырларының бірталайы Нұрым, Қашаған ақындардың репертуарына ұштасып жатады» деп көрсетеді.

Әбіш Кекілбаев: «Қашағанның бойында тек халықтың табиғаттан туындайтын алыптық қасиеттерінің бәрі бар. Оның ең бастысы — Қашаған шығармашылығының тек бір адамның жеке басының рухани тәжірибесімен шектелмей, бүкіл бір ұлттың көп ғасырлық рухани тәжірибесін қапысыз қамтитын кең ауқымдылығы», — деп тұжырымдайды.

Академик Ахмет Жұбанов: «Құрманғазы мен Қашаған кешегі бір заманда өткір тілге дауылды үн қосып, халықтың жасы, халықтың мұрасы — поэзиясы мен музыканы әрі қорғап, әрі дамытып, әрі халықтың еркіндігі үшін күресте күшті құрал екендігін көрсетті», — дейді.

«Маңғыстаудың ең басты рухы — Бекет болса, ең басты сөзі — Қашаған», — деген Темірхан Медетбеков ақын.

Қашаған ақынның шығармалары ауыз әдебиеті арқылы келген. Өмірінің соңғы кездерінде, жүріс-тұрысы, ел аралауы азайып, денсаулығы болмай, көбіне ауылында болған. Осы кезде інілері Шәдиман Үсенбаев, Көшен Өсербаев, Тасубай Жалғасбаевтар аз да болса, біршама өлеңдерін өз аузынан жазып алған. Қазақ академиясының қорына берген де сол тумаластары. Ақын атамыздың шығармаларының көбі ауыздан-ауызға жатталып, ел ішінде жыршылар, термешілер осы кезге дейін жеткізген. Әрбір орындаушылар, айтушылар өздерінің естігендері бойынша баяндаған. Сол себептен де әрбір шығармасының өзі әр түрлі болып, негізгі сарыны, түп нұсқасы мен мағынасы бірдей болғанмен, сөз құрастары, сөздері, өлең жолдарының алмасып кетіп отыратыны анық, ол заңды да, себебі ауыздан-ауызға жатталып жеткен.

Бұл орайда Әбіш Кекілбаев: «Қашаған ашылмай жатырған ғылым, оның орны бөлек тұлға, басқамен теңдесі жоқ» деген. Көптеген жазушылардың, ақындардың шығарып жазып жүргендері көргендерін, оқығандарын, естігендерін жазған, шығарған, жырлаған. Оның үстіне олар оқыған. Қашаған оқымаған, білімі орталарды, ірі қалаларды көрмеген, сөйте тұра мұхиттың түбіндегі, аспандағы жұлдыздармен құбылыстарды білген. Пайғамбарлардың, жан-жануарлардың, жерлердің аттарын, Алланың жаратқан қасиеттерінің түрлерін жақсы білген. Қазірде қолда бар Қашағанның шығармаларының қаншалықты толық екендігін ешкім білмейді. Біздіңше, талай өлеңнің тек сұлбасы ғана жүрген сияқты көрінеді. Қашаған жырлаған жырлар да толық сақталмаған. Қашаған ақынның дауылпаз жырлары Қазақстанның батыс аймақтарында, қарақалпақ, түрікмен елдеріне кең тараған.

Қашаған ақынның жарыққа шықпай жатқан, ел ішін аралап жүргенде айтқан сөздері, кездескен адамдары т.б. жөніндегі мезгілдерін жинақтау, іздестіру керек-ақ. Бұл орайда ғылыми экспедиция ұйымдастырған жөн болған болар еді. Ақын Фариза Оңғарсынова Қашағанның асыл мұраларын іздестіру жөнінде өзінің пікірін былайша айтады. «Қашаған ақынның асыл мұралары бір күндік, бір жылдық, он жылдық емес, қазақ өнері мен әдебиетінің қазанында өмір бойы қайнап, өмір бойы сұрыпталып, өмір бойы зерттеліп, насихатталатын кесек дүниелер».

Қашаған кен орнының өндірісін игеріп, ел игілігіне жаратуға жұмыстанып жатырған «НКОК» компаниясы 2018 жылы Алматыдағы «Сардар» баспасынан «Өзімнің атым Қашаған» кітабын шығарды. Бұл кітапқа ақынның бұрын жарияланбаған 24 шығармасы енді. Осылайша жыр сұңқары — Қашағанның есімі ел жадында мәңгілік орнықты. Бабамыз жайлы толғауымды Әбішше аяқтасам «Қашекем Қырықкездегі ақ шаңқан кесененің астында жатпаған сияқты. Желмая мініп, жерұйық іздеп кеткен Асан бабасының артынан сары атанын сар желдіріп, елге ынтымақ, ерге ынсап, жалқыға парық, жалпыға пәтуа іздеп жүрген сияқты...».



**Қашаған Күржіманұлы атындағы мұнай және газ кен орны**

☑ Student life



# Студенттер хор

**Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетіндегі Студенттердің хор ұжымы соңғы жылдары кең танымал бола бастады. Бұл хор жетекшісі Мербол Куспановтың шынайы өнер адамына тән беріле атқарған еңбегінің нәтижесі. Мербол Куспанов «Музыкалық білім және хореография" кафедрасының оқытушысы, практик-маман. Қызметке келгеніне үш жылдай уақыт ішінде қыруар іс тындырған маманмен сұқбаттан рухани қуат алғандаймын.**

**Хор жетекшісі Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының түлегі, Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының Қазақ камералық хорының көркемдік жетекшісі және дирижері, "Қазақстандық хор дирижерлары" республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтөбедегі бөлімінің басшысы, Тұңғыш Президент қорының мәдениет саласы бойынша кеңесінің мүшесі. Облыстық "Жыл үздігі — 2017", республикалық "Жыл патриоты — 2018", аймақтық "Ел үміті — 2019" байқауларының номинанты.**

**— Әңгімемізді өзіңіз қуанып хабарлаған байқау-фестивальдегі хор ұжымының бас жүлдесінен бастасақ. Кейде туындайтын заңды сұрақ, өнерлеріңізге берілген жоғары баға жақсы дайындықтан ба әлде бәсекелестіктің болмауынан ба?**

— Әңгімемді университет басшылығына алғыс айтудан бастағанды жөн көріп отырмын. Өйткені басшылар істеп жүрген ісіңнің мәнін, маңызын түсініп, қолдау көрсеткенде ғана нәтиже болады. Негізі мен 2011 жылы, Алматыдан, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын бітіріп келген жылы еңбек жолымды осы университеттен бастағым келген. Бірақ оқытушылық қызметке квалификациям сәйкес емес деген себеппен жұмысқа алынбадым. Одан кейін жоғары білім саласына практик-мамандарды тарту процесі жүрді. 2018-2019 оқу жылы қызметке шақырылдым. Хор музыкасы жаныма жақын болғасын студенттер хорымен жұмысты бірден бастап кеттім. Репертуарға тез жатталатын, жастар ұнататын шығармаларды енгіздім. Көп ұзамай алғашқы концертімізді ұсындық. Хор туралы жақсы пікірлер айтыла бастады. Өнерімізді күтіп жүретін адамдар пайда болды. Сол кездегі университет ректоры Бауыржан Ердембеков үлкен сенім артып, елордада өткізілген халықаралық «Astana Grand Festival» фестиваль-байқауына жіберді. Үлкен құраммен, 30 студент барып, бас жүлде алып қайттық. Бұл 2020 жылдың басы еді. Кейін Covid19 инфекциясына байланысты, әлемдік пандемия жарияланып, абдырап қалдық. Алайда мен хорды жетілдіру жұмысын тоқтатқан жоқпын. Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен «Осенние грезы» өнер байқауына бейнежазбамызды жібердім. Нәтижесінде 1-ші орын берілді. Содан соңғы жетістігіміз осы сұқбатымызға себепші болған Орал қаласындағы халықаралық «FOX STAR» ашық байқауындағы гран-при жүлдеміз және осы байқаудың абсолютті жеңімпазы атануымыз. Әрине хор ұжымының өнеріне берілген әр жоғары бағаның артында жылдық, айлық, апталық тер төгу тұр. 3 минуттық шығарманы дайындап, көрермен назарына ұсыну үшін шыдамды, қажырлы еңбек керек. Хордың әрбір мүшесімен тиянақты жұмыс істеу, жаңа хор партияларымен жұмыс істеу. Сондықтан байқаулардағы жеңістеріміз оңайлықпен келді деп айта алмаймын.

**— Сіз осыған дейін бірнеше хор ұжымына жетекші болған екенсіз. Байқағаным — ылғи нәтижеге ұмтылатыныңыз және оған жететініңіз. Жақсы қасиет. Алда тағы қандай нәтижелі жоспар құрып отырсыз?**

— Әр нәтиже оған кеткен еңбектің көрінісі. Алдағы жоспар туралы сұрап отырсыз. Ал мен сізбен алдағы арманыммен бөлісейін. Хорды әлемдік деңгейге жеткізгім келеді. Келесі жылы, жазда Оңтүстік Кореяның Каннын қаласында Дүниежүзілік хор ойындары-2022 деген керемет шара өтеді. Бұл кәдімгі Олимпиада ойындары сияқты ауқымды байқау. Оған 60-қа жуық мемлекеттен 500-дей хор ұжымдары қатыспақ. 24 категория бойынша хор ұжымдарының өнері сыналады. Бұл байқауға қатысуға алдын ала дайындық қажет. Алдымен бейнежазбамызды саламыз. Ол құпталса байқауға қатысу үшін аккредитациядан өтуіміз шарт. Ең күрделісі — қаражат мәселесі. Университет атынан осындай үлкен байқауға барып, өнер көрсету шындығында арман, бірақ қолдау алсақ, орындалатыны анық. Дүниежүзілік Хор ойындары араға 20 жыл үзіліс салып, қайта жалғаспақ екен. Айтпақшы, қаражат туралы айтып отырып, бір қуанышты іс жөнінде ұмытып барады екенмін. Хор ұжымына жаңа костюмдер тігуге университет тарапынан қомақты қаражат бөлінді. Мен өзім костюмдердің эскизін жасап бердім. Қыздарымызға бес костюм дайындалып жатыр. Трансформер костюмдер. Деталь алмастырып, әр кез басқаша әрлендіруге болады. Хор ұжымының табысты өнеріне үстіне киген костюм де әсер етеді. Эстетикалық талғамы



